

## **КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ОНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**Абурайра Бату Махмұтұлы**

*Batu.aburaira@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультеті «Құқықтану»

мамандығының 2 курс студенті,

Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – з.ғ.к., доцент Мұратханова М.Б.

Қоғамда әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің ірі көлемді және жылдам процестері жүріп жатқан қазіргі уақытта әсіресе, дүниетанымы әлі толық қалыптаспаған, құндылықтар жүйесі тұрақсыз жастар үшін қиын болып отыр.

Жасөспірімнің адамгершілік пен құқық туралы түсінігі оның жас ерекшелігіне байланысты вербалдық деңгейде ол жете түсінуге, оның мінез құлқының автоматты реттегішіне айналуға жеткен жоқ. Қазіргі уақытта жасөспірімдерге, жастарға деген көзқарас әсіресе құқық бұзушылықтың алдын алу, оны туғызатын себептер мен шарттарды жою тұрғысында өте күшейтілуі тиіс.

Өйткені, қылмыс дегеніміз - әлеуметтік дерт, ал жасөспірімдердің қылмыстылығы- өте үлкен дерт, жасөспірімдер қылмыс жасап отырған кезде мұндай құбылысқа төзуге болмайды.

Республика бойынша жалпы әрбір 15-ші ауыр қылмысты, әрбір 20-шы кісі өлтіруді, әрбір 16-шы денсаулыққа ауыз зиян келтіруді, әрбір 8-ші қарақшылықты, әрбір 5-ші тонауды және әрбір 13-ші ұрлықты кәмілетке толмағандар жасайды. Жыл сайын ішкі істер органдарында әртүрлі құқық бұзушылығы үшін 100 мыңға жуық кәмілетке толмаған жасөспірімдер жеткізіледі, олардың 9 мыңнан астамы немесе жеткізілгендердің жалпы санының 9,4%-ы панасыз және қадағалаусы қалған балалар.

Жасөспірімдер қылмысымен күрес біздің қоғамдағы қылмыспен күрес міндеттерінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қылмыстың алдын алу, оған жібермеу, ескерту жөніндегі шаралардың одан әрі күшейтілумен қатар, бұл міндеттің орындалуы әрбір жасалған қылмыс үшін әділ жазадан құтылмаушылықты қамтамасыз етуді де қамтиды. Әрине, жасөспірімдер қылмыстылығын жеңуге сот және тергеу органдарының іс-қызметі ғана емес,

сонымен бірге ең бастысы ұйымдастыру, алдын алу, тәрбиелеу және т.б. шараларын жүргізу арқылы жетуге болады.

Кәмелет жасына толмағандардың құқық бұзушылық үшін жауапкершілігі жайлы мәселе қоғам өмірінде «қылмыстылықпен» күресті шешуде маңызды орын алады. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы және жазалау мәселелері ҚР Қылмыстық Кодексінің VI бөлімінде қарастылған. Бұл жағдай ең алдымен кәмелетке толмағандар қылмыстылығының жалпы қылмыстылықтың құрамдас бөлігі ретіндегі айтарлықтай өзіндік ерекшеліктерімен дәйектеледі. Бұл ерекшеліктер жасөспірімдер мен кәмелетке толмағандарды әлеуметтік – психологиялық тұрғыда өсіп жетілуінің өзгешеліктеріне: әлеуметтендірілу деңгейінің жеткіліксіздігіне, психофизикалық, жас жағынан және әлеуметті кемелденуінің олқылықтарына, адамгершілік құндылықтары жөніндегі одағай түсініктеріне, мінез-құлқының өзіндік қасиеттеріне, «формальды емес жетекшілердің» әсеріне тез берілуі, үлкендерге еріп кету және т.б. тәуелді болып келеді.

Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының көрсетілген өзіне тән сипаттары заң шығарушыны кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығын ықтиятты түрде реттеу қажеттілігіне қарай жетелеп әкеледі. Заңдарда кәмелетке толмағандар үшін жаза түрлерін белгілеудің, оларға жаза тағайындаудың, оларды қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың, ескіру мерзімдеріне есептеу мен соттылығын жоюдың айрықша шарттары қарастырылған. ҚР ҚК-нің «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы» жөніндегі бөлімінің 80 бабының 1 бөлігінде «Кәмелетке толмағандар деп – қылмыс жасаған кезге қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылатындығы» белгіленген. Сот кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар туралы істерді қарау барысында кәмелетке толмаған адамның жас шамасын дәл анықтауға шаралар қабылдауға міндетті.

Адам белгілі бір жасқа дәл туған күні емес, келесі тәуліктен бастап толған болып есептеледі. Жас мөлшерін соттық медициналық сараптама бойынша анықтағанда, сотталушының туған күні болып сарапшы атаған жылдың соңғы күні есептелуі қажет, ал жас шамасын ең төменгі және ең жоғарғы жылдар арқылы белгілегенде, ондай адамның сараптама ұсынған ең төменгі жасына табан тіреу керек ҚР ҚК-нің 14 бабына сай қылмыстық жауаптылыққа есі дұрыс, кодексте белгіленген жасқа толған жеке адам ғана тартылуы тиіс деп көрсетілген. Сонымен қатар қылмыс жасаған кезде он алты жасқа толған адам қылмыстық жауаптылыққа тартылады деп 15 бабының 1 бөлігінде баяндалған. Жоғарыда аталғандай кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі ҚР Қылмыстық Кодексінің нормаларымен реттеледі. ҚР Қылмыстық Кодексі бойынша қылмыстық жауапкершілік он алты жастан, тек кейбір қылмыстар үшін ғана кәмелетке толмағандар он төрт жастан қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны белгілі. Кейінгі кезде жасөспірімдердің жан-жақты интеллектуалдық жағынан жетілу, жылдам өсу процестерінің байқалуы олардың ерте бастан,

жас кезінен өз тәртіптерінің дұрыс, бұрыстығын өз тұрғысынан бағалай білу қабілеті міндетті түрде қылмыстық жауапкершілік жасын төмендетуді қажет ете ме деген сұрақ туғызар болса, ол заңды да.

Жасы толып, қылмыс жасаған баланы қылмыстық жауапкершілікке тарту әр елде әр түрлі шешілген. Мысалы, Ұлыбритания елінде қылмыстық жауапкершілік кей қылмыстар үшін сегіз жастан көзделуі мүмкін. Нью – Йорк штатының ҚК бойынша қылмыс істеп, сотқа тартылған бала егер өз әрекетінің қауіпті іс - әрекет екенін түсіне алған жағдайда, қылмыстық жауаптылыққа сегіз жастан он екі жасқа дейін тартылады. Шетелдердің қылмыстық заңнамасын зерттеу барысында қылмыстық жауаптылық, соның ішінде кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылық жасы әр елде әрқалай көрсетілетіні белгілі болды. Кейбір елдердің заңдарында, кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының қажетті шарты ретінде жасөспірімнің қоғамға қауіптілік, заңға қарсы әрекетін түсіне алу мүмкіндігі қарастырылады. Германия ҚК-нің 66 тармағы «кінәлі болу» түсінігін қарастырса, Болгария ҚК-де «он төртке және он сегізге толмаған кәмелетке толмаған жасөспірімдер өздерінің әрекеттерінің мәні мен маңызына, жат қылықтарына баға бере алатын жағдайда ғана қылмыстық жауапкершілікке тартылады» деп көрсетілген.

Өзімізге белгілі қазіргі қолданыстағы құқықта «жауаптылыққа қабілеттік» деген ұғым бар. Бұл ұғым қылмыстық жауапкершілікті өтеуге қабілеттілікті көрсетеді. Мұндай түсінік жауаптылыққа «қабілеттік кінә жауапкершілік» тізбегінің алғашқы баспалдағы болып табылады.

Жастар арасындағы қылмыстың алдын-алу мемлекеттің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Жасөспірімдердің және жастардың қылмысы туралы мәселе құқық қорғау жүйесінің ғана емес, сонымен қатар басқа да мемлекеттік ұйымдардың және азаматтық қоғам институттарының үнемі қадағалауын талап ететін басты мәселенің бірі.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыс қашан да ұлттық тұтастығымызға, ел болашағына қауіп төндіреті сөзсіз. Жаңадан өркендеп келе жатқан ұрпақтың қылмыстың бұралаң жолдарын тандауы - дәуір қасіреті. Сотталған жасөспірімдердің көбеюі - қоғам өмірінің келеңсіз жақтарын, халықтың әлеуметтік ахуалының төмен екенін байқатады. Қоғамда неғұрлым дені сау, еңбекке жарамды азаматтар көбейген сайын мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы жедел дами бастайды. Бүгінде түрмеде отырған азаматтардың 70% пайызы жас адамдар. Сотталушылар қатарында кәмелеттік жасқа толмағандардың көбеюі біздің қоғамды алаңдатпауы мүмкін емес. Қылмыстық жауапкершілікке қылмысты жасау кезінде жасы 16-ға толған азаматтардың тартылатындығы белгілі.

Алайда, адам өлтіргені, қасақана денсаулыққа ауыр зиян келтіру, ауырлататын мән-жайларда денсаулыққа қасақана орташа ауырлықта зиян келтіру, зорлау, жыныстық сипаттағы зорлық әрекеттері, адамды ұрлау, ұрлық, тонау, қарақшылық, қорқытып алу, ауырлататын мән-жайларда көлікті айдап кету, терроризм, адамдарды кепілге алу, қаруды ұрлау немесе

қорқытып алу, оқ-дәрі, жарылғыш заттар мен басқа да құрылғылар, ауырлатылған мән-жайларда бұзақылық, тағылық, есірткі заттар мен психотроптық заттарды ұрлау немесе қорқытып алу ауырлататын мән-жайларда мәйітті немесе олардың көмілген жерлерін қорлау, көлік құралын немесе темір жолдарын қасақана жарамсыздық жағдайға келтірген үшін тұлғалар 14 жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Сот тәжірибесі көрсеткендей, кәмелетке толмағандар көбінесе ұрлық, т онау секілді қылмыстар жасайды(меншікке қарсы қылмыстар). Соңғы кезде аталған қылмыстар ішінде ұялы телефондарды ұрлау жиі орын алуда. Мұндай қылмыстық істер бойынша жәбірленушілер құқық бұзушылардан жа сы кіші, әлсіздеу, кәмелеттік жасқа толмағандар болып табылады. Сот тәжірибесі көрсеткендей жасөспірімдер өз әрекеттерімен қауіп төндіретіндігі түсіндіреді. Жасалатын іс-әрекеттің қауіптілігі жасөспірімге «өзгенің өмірі мен мүлкіне тиіспе», дегенді бала кезінен ата-анасы немесе тәрбиеленушілерінің үйретуіне байланысты. Кішкентай кезден бастап пайдалы ақыл-кеңес, дұрыс бағыт беру нәтижесінде қылмыстық әрекеттердің қауіптілігін сездіруге болады. Кәмелеттік жасқа толмағандардың істерін қарау барысында, олардың жеке басы, тәрбиелену мен өмір сүру жағдайлары қылмысты жасау себептері, қылмысты жасауға себеп болған жағдайлары, оған деген ересектердің әсері - мұның бәрі тәрбиелеу бағытындағы шара қолдану мен жаза тағайындауда ескеріледі.

Көп жағдайда ата-аналардың жасөспірімге дұрыс тәрбие бермеуі мен қылмыстық әрекеттерге бармауы туралы ескертуінің кемшілігі – құқық бұзушылық себепі болады.

Қылмыс жасағаны үшін жазаға тартқаннан гөрі оның алдын алған әлдеқайда жақсы.

Алдын алу жұмысының нәтижелі алғаш жасалған теріс кадамның дер кезінде анықталуы - нан ғана емес, сонымен бірге кәмелетке толмағандардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеруге де байланысты. Мектеп жасындағы балалардың құқықтық сапасының төмендігі олардың қылмысты көп жасауына, заң талаптарына өз талаптарын қарсы қоюына әкеліп соғады. Сондықтан оқушылар қылмысының алдын алып, құқықтық тәрбие беру бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Құқықтық тәрбие - кәмелетке толмағандар арасында заң ұғымдарын насихаттай отырып, жасөспірімдерді қажетті заңдылық біліммен қамтамасыз етуді мақсат етеді. Жастарды заңның негізгі принциптерін біліп қана қоймай оны меңгере білуге де үйрету қажет.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу – қоғамдағы қылмыстың алдын алудың аса маңызды шарттарының бірі. Заңды, әлеуметтік пайдасы бар қызметке және қоғамға шынайы көзқарасын қалыптастырып, жас ұрпақты қылмыстық әрекетке жол бермейтін қағидаларға тәрбиелеу заман талабы.

Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында қоғамда балалардың қадағалаусыз және қараусыз жүруінің алдын алу жөніндегі құқықтық

актілерді қалыптастыру және жандандыру жұмысы үнемі жаңартылып тұрады.

Яғни, «Неке және отбасы туралы», «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы», «Еңбек туралы», «Қазақстан Республикасындағы арнайы мемлекеттік жәрдемақы туралы», «Дене тәрбиесі және спорт туралы» заңдар, кәмелетке толмағандар жөніндегі комиссиялардың, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі ішкі істер органдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде жан-жақты негізделіп ашып көрсетілген.

Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алуды тікелей, не жанама көздейтін құқықтық актілердің көп болуы қоғамдық қатынастардың кез келген саласында кәмелетке толмағандар тұлғасының дамуын қамтамасыз ететін қолдау жүйесінің даму бағытын айқындайды. Әсіресе бұл қауіпті жағдайда тұрған және ерекше қорғау мен қолдауға мұқтаж жасөспірімдерге қажет. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен оқытуда отбасының маңызы зор. Осыған орай Үкімет отбасының,

соның ішінде кеңейтілген отбасының тұтастығын сақтауға баса назар аударып отыр.

Отбасындағы тұрақтылық пен береке болмаса, осыған байланысты қоғам тарапынан көмек көрсету әрекеттері сәтсіз болған жағдайда тіршілік етудің балама орындарын пайдалану мүмкіндігін қарастыру қажет екендігі белгілі. Яғни, балаларды тұрақты әрі берекелі отбасы жағдайына мейлінше жақындатылған мекемелерде тәрбиелеу болып табылады. Баланың келешегіне кері әсер ететін жағдайларды айтпағанда, олардың ата-анасынан айыруға жол бермейтін ұлттық бағдарлама жасаудың және оны іске асыру қажеттілігі тууы мүмкін.

Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алудың ең маңызды алғышарты болып табылатын, отбасындағы берекені сақтаудың негізінде, субъективтік себептерден басқа, өтпелі кезеңнің әлеуметтік-экономикалық жағымсыз құбылыстары әсер етеді. Ата-анасының материалдық жағдайының нашар болуына байланысты балабақша мен мектептерге бара алмай қараусыз қалған, тастанды, үй-жайы жоқ, сөйтіп, құқық бұзушылық жасауға баратын балалар санының өсуі осы жағдайдың бір себеп-салдары ғана. Демек, балалар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыстылық деңгейінің артуына ықпал ететін факторлардың бірі атааналардың төлем қабілеттілігінің төмендеуі және бос уақытты өткізудің барлық түрлерінің коммерциялануы болып табылады.

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты – ең алдымен, жұмыс орындарын көбейтуге, баланы оқытуға, жағдайы келмеген кезде кәмелетке толмағандарға мемлекеттің есебінен жоғары және арнайы орта білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге, мұғалімдер мен дәрігерлердің жалақысын өсіруге бағытталып отыр. Кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың және балалардың қадағалаусыз, ата-анасының қарауынсыз қалуының алдын алу жөніндегі мемлекеттік саясаттың келесі бір бағыты – білім беру саласындағы заңнаманы жетілдіру, оның дәл және біркелкі

қолданылуына тиісті бақылау және қадағалау жасауды қамтамасыз ету болып табылады.

Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуде бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы зор екендігін жоғарыда келтірілген. Демек, бұл шараларда айтарлықтай бір қатар кемшіліктер бар екендігі баршаға белгілі. Мысалы, теледидар арқылы адам өлтіру, қатыгездік, қанқұйлы оқиғалар, алдап-арбау, эротикалық мағынадағы журналдар, фотосуреттер, жарнамалар шектеусіз көрсетіледі.

Мұның өзі келешек ұрпақтың мінез құлқының қалыптасуы мен даму процестеріне зиян келтіруі мүмкін. Себебі, жасөспірім ақпараттана отырып құқық бұзу әрекеттерінің жазаға тартылмау жолдарын қарастыруы немесе ішкі істер органдарының қызметіне қарсы әрекеттер жасау пікірі қалыптасады. Қоғам мүлкін немесе жеке тұлғалардың меншігін қылмыстық жолмен иелену арқылы материалдық қажеттілігін арттыру мақсатында табыс табу жолдарын үйренуге талпынады. Осы жағдайға байланысты бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңда жастарға арналған тиісті қызметтер мен мүмкіндіктерді ашып көрсету қажеттігі туындайды.

Осыған байланысты жасөспірімдер арасындағы заңға қайшы мінез-құлықтың алдын алудың неғұрлым тиімді шарасы девиантты мінез-құлқымен ерекшеленетін кәмелетке толмағандарды, әсіресе қоғамға қарсы бағдарланған жасөспірімдер топтарының басшыларын дер кезінде анықтауға және олардың айналадағы адамдарға теріс ықпал жасауына жол бермеу амалдарын қолдану болып табылады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, осындай жасөспірімдерді арнайы оқу-тәрбие мекемелеріне орналастыру мүмкіндігі болғанда бұл жұмыстың пәрменділігі артады. Осының өзі құқық бұзушылықтың қайталануын болдырмауға, сондай-ақ оларды ересек адамдардың тарапынан болатын теріс әсерден оқшаулауға мүмкіндік береді.

**Шетелдік тәжірибелерге келетін болсақ**, мысалы, Жапон елінде қазіргі уақытта

профилактикалық бағыттағы әртүрлі қоғамдық қозғалыстардың тармақталған желілері жұмыс істейді. Олардың ішінде ең белгілісі – Қылмысты ескерту ассоциациясы. Барлық жерлерде полицияның мектептермен және өнеркәсіп корпорацияларымен байланысы жөніндегі комитеттер жұмыс істейді. Осындай алдын алу шараларының нәтижесінде Жапонияда «түрмеде отырғандар» көрсеткіші 100 тұрғынға 50 тұтқыннан, бұл әлемдегі ең төмен көрсеткіш екендігі белгілі.

Тағы бір атап өтетін жай, жастар мен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу шеңберінде мектеп және жоғары оқу орындарына арналған бағдарламалардың маңызы қызығушылық тудыруда.

Мысалы, Батыс Еуропаның барлық оқу орындарында, бастауыш мектептерден бастап жоғары оқу орындарына дейін, полицейлердің қатысуымен қолданбалы виктимология бойынша дәрістер өткізіледі, оның нәтижелері бойынша ниет білдірушілер өзін-өзі қорғау тәсілдерін игеру және

экстремалдық жағдайларда оңтайлы мінез-құлық дағдыларын үйрену мақсатында арнайы тренингтерден өтуге мүмкіншілік алады. Осындай бағдарламалар әртүрлі санаттағы оқушылардың әлеуметке қарсы мінез-құлқының тәуекел факторлары санын төмендетуге бағытталған. Бұл бағдарламаларда, ең бастысы, оқушылар, ата-аналар мен жергілікті органдар арасында өзара тығыз байланысты орнату. Сонымен қатар онда оқу орны қабырғасында оқушылардың теріс мінез-құлқын (оның ішінде алкогольді, марихуананы тұтыну, темекі шегу) барынша төмендету және оқу қызметіне назар аудару көзделеді.

**Жоғарыда айтылғандай,** кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық жасауының себептеріне кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияның, прокурорлық қадағалау, полиция, сот-тергеу органдарының қызметін жетілдіру шаралары көзделіп, кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алудың тиімділігін арттыру үшін барлық құқық қорғау, мемлекеттік басқару органдарының, балалар мен жасөспірімдер мәселелерімен айналысатын жастар және қоғамдық ұйымдардың өзара ықпалдасуын, қызметтерін үйлестіру жөнінде кешенді шараларды әзірлеу қажеттілігі туындап отыр.

Балалар мен жасөспірімдердің заң сыйлаушылық мінез-құлқын қалыптастыру және құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында ПМнің бастамасымен жедел профилактикалық іс-шаралар және акциялар өткізуді ұлғайту және әртүрлі ұлт жастарының арасында болып жатқан және әлеуметтік қақтығыстардың катализаторы болуы мүмкін криминалдық оқиғаларды алдын алуды және қатаң қадағалауды жұмылдыруы қажет.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-  
V//<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285>.
2. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі» 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V//<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>.
3. «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының заңы (2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV
4. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңы//<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000591>.
5. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме, Жалпы және ерекше бөліктер. Алматы: Жеті Жарғы, 2015
6. Криминология: Учебник // Под ред. А.И. Долговой. – М., – С.56
7. Алматы қаласының Әуезов ауданының прокуратурасының «Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының жағдайы туралы»тоқсандық есебі.-2б.